

**ЛИНГВОМӘДЕНИЕТ- ЛИНГВИСТИКА МЕН МӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ КӨРІНІСІ**Уалиева С.А.\* , Бозаева Т.Г. , Касенова А.М. *І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған  
e-mail: ualievass@list.ru, kassenova.alinur@mail.ru, togzhan.bozaeva@gmail.com*

Мақалада шетел тілін оқытуда лингвомәдениетті қалыптастырудың менталитетінен хабар беретін тілдік бірліктер мен құралдарды айқындау қарастырылады. Тілдегі мәдениетті кең мағынада қарастыру тіл табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Лингвомәдени фон-қатысымдыққа жетелейтін негізгі құралдың бірі болып табылады, себебі лингвомәдени құзіретін қалыптастыру негізінде сөйлеудің мәдени ерекшеліктері анықталып, қарым-қатынас жасау процесінде жаңа категория негізінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі мәдениеттану мен лингвистика пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін зерттеуге арналған. Қазіргі уақытта халық мәдениетінің тілдегі көрінісін зерттеу лингвистикада маңызды мәселе болып табылады. Лингвистикалық зерттеулердің көбісі кейінгі он жылдықта адамдық әрекеттің бір түрі ретінде тілдік қарым-қатынасқа өте қатты көңіл бөліп отыр.

Жаңа үлгідегі жоғары мәдениетке ие, жалпы құндылықтар жүйесін меңгерген, көп мәдениетті әлемде өмір сүруге қабілетті, білім, білік және дағдылары жетілген, біліктері мен іскерліктері қалыптасқан, алған білімнің сол сәтте қолданып, әсерлі түрде жұмыс істей алатын тұлға қалыптастыру қазіргі мәдениетаралық қарым -қатынас субъектісінің ең негізгі мақсат болып табылады. Сонымен бірге қазіргі кезде білімгерлер үшін лингвомәдени құзіретінің маңызы ерекше, себебі шетел тілі мен сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін бірге оқыту көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ал қазіргі заманға сай мәдениетті білу үшін білімгерлер тілін үйреніп жатқан шетел тілінің еліне тән лингвомәдени ерекшеліктерімен танысып, дәстүрлері мен салттарын үйреніп, оларды құрметтей білуге, бір -біріне ортақ қызығушылықтарды табуға дайын болуға және өздерінің ұлттық мәдениеті туралы білімдерін кеңейтуге үйренулері керек.

**Кілт сөздер:** Лингвистика; лингвомәдени; лингвомәдени фон; аспект; құзірет; әлемдік құндылықтар.

**Кіріспе**

Өмірдің жаңа талабына сәйкес көптілді маман даярлау түбегейлі өзгеріске түсіп отыр. Қоғамға тек маман ғана емес халықаралық және мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсе алатын маман қажет. Сол себепті, жоғары оқу орындарында маман даярлауда шетел тілін үйрету үрдісі түбегейлі өзгеріске еніп, жаңа келбет алуда.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу-ең алдымен тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттілік қырларды айқындау болып табылады. Әлемдегі, табиғаттағы құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт тілде өз көрінісін табатындықтан, оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады. Шетел тілі арқылы көптеген жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады. Шет тілін үйрену тек білім, білік, дағдыларын кеңейту ғана емес, бұл кәсіби маманға мәдениаралық қатынастар, байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Шетел тілінде қарым-қатынас жасау барысында қалыптасқан лингвомәдени дағдылары болашақ маман тұлғасын қалыптастырудың қажетті алғы шарттарының бірі болып табылады. Ең негізгі құндылықтарды меңгерген, мәдениеті жоғары, өмір сүруге қабілетті, біліктіліктері мен іскерліктері қалыптасқан мәдениетаралық қарым-қатынас субъектісін қалыптастыру

зерттеудің өзектілігі болып табылады. Демек шетел тілін меңгерту үрдісінде мотивациялық сипат беру қажеттілігі, шетел тілін мәдениетін меңгеру үдерісінде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениетін жетілдіру мүмкіндігі, бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

### **Материалдар мен әдістер**

Шеттілдік білім берудің когнитивтік-лингвомәдени әдіснамасы шеттілдік білім берудің дидактикалық тұрғыдан зерттеу мен ғылыми тұрғыдан талдаудың біртұтас нысаны болып табылатын «басқа тіл – басқа мәдениет – тұлға» ғылыми танымның әрекеттік құрылымын көрсетеді [1, 41]. Осыған орай отандық әдістемені шетел тілі мен сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетіне үйрететін, шетел тілінің жаңарған әдіснамасына негізделген теория қалыптасып, оған байланысты жаңа ізденістер өз жалғасын табуда. Солардың бірі тілді ұлт тілі арқылы зерттейтін лингвомәдениеттану саласы. Жалпы тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде қалыптасып келе жатқан ғылым. Тіл-тілдегі жинақталған ақпарат тұтынушысының санасы, білімі, мәдениеті, менталитетінен хабар беретін тілдік бірліктер мен құралдар. Ал лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының түйісуі хх-ғасырдың 90-жылдарында өз алдына жеке, жаңа бағыт пайда болуына әкелді. Бұл бағыттардың дамуын Э.Бенвенист, В.Н.Шаклеин, В.А.Масловалардың еңбектерінен байқауға болады. Олар тіл мен мәдениеттің арақатынасын былайша түсіндіреді «Язык теснейшим образом связан с культурой; он прорастает в нее, развивается в ней и выражает её».

Еуропа лингвомәдениеттану дәстүрлері Ф.де Соссюр, Р. Якобсон, Р. Барт, Т.ван Дейк атты ғалымдардың есімімен байланысты. Тіл арқылы халықтың дүниетанымын анықтау дереккөзі ретінде В. Гумбольдт тұрды. Оның идеялары А.А.Потебни, сонымен қатар А. Мейе, Ж. Вандериес, Э.Бенвенист еңбектерінде өзінің жалғасын тапты.

Ғылыми әдебиеттерде лингвомәдениеттанудың дамуын ұтымды екі кезеңге бөлу ұсынылады: бірінші кезең - В. Гумбольдт, А. Потебня, Э. Сепира және т. б. еңбектері-ғылым дамуының алғышарттары; екінші кезең - лингвомәдениеттануды өзіндік зерттеу кезеңі ретінде рәсімдеу: ғылымның даму динамикасында тұрған үшінші кезең-лингвомәдениеттанудың пәнаралық ғылым ретінде қаралуы.

### **Негізгі бөлім**

Лингвомәдениеттану (лингвокультурология) латынның *Lingua*-тіл, *Gultura*-мәдениет, *Logos*-ілім деген терминдердің жинақталуынан туындаған, мәдениеттану мен лингвистика пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін салыстыра зерттейтін сала. Бұл жөнінде В.Н.Телия: «Лингвомәдениеттану-тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолингвистиканың бір бөлшегі» деп сипаттаса [2,145], лингвомәдениеттану ғылымының теориялық және әдістемелік жолын зерттеуші ғалым В.В.Воробьев оны «металингвистика» ғылымы ретінде танытуға ғылыми бағыт беріп, бұл ғылымның тіл мен мәдениеттің өзара тоғысу әсерінің негіздерінен туындағанын дәлелдейді [3,118].

Ресейлік ғалымдар В.Н.Телия В.В.Воробьевтің ғылыми тұжырымдарына арқау болған тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың негізі американдық ғалымдар Э.Сепир мен Б.Уорфтың «Лингвистикалық ықтималдық теориясының» негізін танытқан «этнос дүниетанымындағы ерекшеліктің ізі халық тілінде сақталады» деген қағидамен астасып жатқандығы сезіледі. Бұл жайт лингвомәдениеттану пәнінің этнолингвистика ғылымымен туыстығын ашық көрсететіндей [3,146].

В. Н. Телия тілдің «ішінен», ішкі бақылаушы тұрғысынан тілдік өлшемнің ұлттық-мәдени пайымдарын түсіндіруде өз тәсілін ұсынады. Айталық, бұл тәсілді түсіндіруде лингвомәдениет аспектісінде құндылық модальдылығы ғана маңызды емес, сонымен қатар психологиялық қолайсыздықтың ескерілуі қажет, себебі адам жасаған ақау сенімсіздік тудырады, қоғамның кінәлауына әкеп соқтырады, сонымен бірге ол белгілі бір әлеуметтік-мәдени мәртебе және әңгімелесуші рөліне байланысты тілдің

бейресми шартында айтылады. В.Н.Телиямен ұсынылған тәсілден басқа біздің тұжырымдама аясында оған сыртқы бақылаушы тұрғысынан тілдік фактілерді талдау деп түсіндіруді мойындау қажет [3,77].

Тіл және мәдениет сияқты екі кодтың өзара әрекеттестігі негізінде құралатын, әрбір тілдік тұлға мәдени тұлға болатын, тілдік белгілердің мәдени семантикасын оқу-қазіргі заманғы лингвомәдениеттанудың құралы болып табылады. Сол себепті тілдік белгілер тіл тасушылардың менталдық мәдени-ұлттық көрсететін тілдік қабілеттілігін білдіріп, мәдениет «тіл» қызметін атқара алады. Бұл тұрғыда тілдік нормалардың барлық ұстанымын ұстанғанның өзінде пайда болатын, «*мәдени барьер*» туралы айтуға болады.

А.Вежбицкая баяндаған, неміс оркестріне жетекшілік ету үшін шақырылған ағылшын дирижерімен болған жағдайды мысал ретінде алуға болады. Жұмысы дұрыс жүрмеді. Дирижер ағылшын тілінде сөйлейтін болғандықтан, неміс музыканттары оны өз елінің дирижері ретінде қабылдамады. Ол айтайын деген ойын жеткізе алмайтын, сондықтан ол неміс тілімен айналысуға шешім қабылдады. Оның мұғалімнен бірінші сұрағаны, неміс тілінде мына сөйлемді қалай айтуға болады: «*Тыңдаңыз, меніңше, егер біз осылай ойнасақ жақсы болар еді*» деп сұрады. Мұғалім ойланып қалып, сәлден соң былай деді: «Әрине, сөйлемді осылай құруға болады», бірақ «*Осылай ойнау керек*» деп айтқан дұрыс [4,147]. Осыдан тұжырым: мәдени барьер сөйлеудегі мінез-құлық нормаларының айырмашылықтарымен байланысты, тілдесу қатысушылары-барабар фондық білімді, әр түрлі мәндердегі бірдей сөздер және т. б. қосады.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

Меніңше, бүгінгі күні лингвомәдениет деген ұғым жоқ деп, тек лингвистикада ғана жұмыс жасау дұрыс емес. Оны елемеу ғылыми қоғамдастық этносын бұзады. Ұлттың өмірі мен мінез-құлқында көптеген мәдени факторлар деп түсіндірілетін нәрселер бар екенін көрмеуге болмайды. Мысалы, орыс халқында міндетті түрде әкесінің атымен айту-бұл аталастарының оған деген ерекше құрметін көрсетеді.

Ресейлік ғалым В.А.Маслова өз зерттеуінде «Лингвомәдениет- лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болған тілде көрініс табатын халық мәдениетінің бейнелерін зерттейтін ғылым» екенін айтады. Демек, мәдениетті тілмен байланыстыра қарастыру, тілдің маңыздылығын аша түседі [5,123]. Ғалымдардың бұл ғылым туралы түсініктерінен бірнеше айырмашылықтарды байқауға болады. Мысалы, В.Н.Телияның пікірінше, лингвомәдениет пән ретінде бір ұлттың ғана емес, әр түрлі мәдениеттерге тән әмбебап сипаттағы мәдени ақпарат, ал В.А. Маслова оны тек бір ұлтқа тән мәдени ақпарат деп қарастырады. Ғалымдар С.А.Атановский, Г.А.Брутян, Е.И.Кукушкин, Э.С.Маркаряндар тілді тек мәдениеттің көрінісі деп есептейді, ал В.Гумбольдт, А.А.Потебня сынды ғалымдар тілді адам баласының қоршаған ортадағы рухани күші деп есептейді.

Немістің ұлы психологы В.Вундт тілдің ерекшеліктерін әлеуметтану тұрғысынан зерттеген ғалымдардың бірі. Ол өз зерттеулерінде интеллектуалдық әрекеттердің ұлттық мәдениетті танудағы орнына ерекше көңіл аударады. Ол-ұлттық рухты жаңғыртатын факторлар, салт дәстүрлер олардың дамуы мен халық мәдениетіндегі рөлін әлеуметтік рухани құбылыс деп бағалаудың бағытын көрсетті [6,138]. Шынымен де, ұлттық рухтың ең негізгі келбетін танытатын салт-дәстүрлер екені сөзсіз. Ал салт-дәстүр ұлттық мәдениеттің бастауы. Осы бағытқа ғылыми тұрғыдан бағыт-бағдар берген ресейлік тілші ғалым А.Потебня. Ғалым «тіл-халықтық «рухтың» жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді» дей келе, «тіл-халық мәдениетімен біте қайнасқан ұғым» деген ұғымды қалыптастырады. Сонымен бірге, мәдениет-тілдің таңбалануы арқылы танылатынын анықтай келе, «халық рухы» ең бірінші тілде, содан барып әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде, фольклорында көрініс табатынын айтады [7,48].

Шеттілдік білім беру концепциясының негізін қалаушы С.С.Құнанбаева өз еңбектерінде лингвомәдени кешеннің мазмұнын қамтитын салаларын, оларды жүзеге

асыратын қатынастың сөйлеу тақырыптары мен тақырыпшалар жиынтығын және қатынастың қарапайым жағдаяттарын ұсынады. Ғалым әзірлеген шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдени әдіснамасы мен теориясы мәдениетаралық қатысым күзиретін қалыптастырудың әмбебап ғылыми теориялық негізі болып табылады. Сонымен бірге ол әдіснамалық ұстанымдарды атап көрсетеді: Ғалымның ойынша, лингвомәдени ұстаным басқа «инофонның» (өзге аяның) тілі мен мәдениетінің негізінде тұлғаның қалыптасу механизмі, лингво-мәдени көріністе концептуалды «әлемнің екінші тілдік бейнесі» мен «екінші тілдік сананы», лингво-мәдени тұрғыдан бейнелеуде басқа халықтың лингвомәдениеті мен тіліне тән бейнені жасайды [8,164].

### Қорытынды

Лингвомәдени қарым-қатынас екі аспектіні қамтиды; тілдік және мәдениетаралық. Бұл аспектінің тілді үйретудегі басты мақсаты – екі адам арасындағы сұхбатты жеңілдету, интуитивті түрде түсіністікке жету. Сондықтан әрбір білімгер осындай органикалық және тұтас тіл меңгеру моделін таңдау барысында, өзі қызығушылық танытып отырған тілді меңгерумен қатар, сол елдің географиялық, климаттық, тарихи, күнделікті тұрмысы мен салт-дәстүрінен қосалқы хабардар болады. Демек, тіл мәдениетпен тығыз байланысты, сонымен қатар, тіл мәдениеттің көрінісі. Білімгерлердің қатысымдық, когнитивтік, лингвомәдени, әлеуметтік - мәдени, интеллектуалдық мәдениетін қалыптастыру үшін тілдік норманың заңдылықтарын игертіп, оны әрекеттің мақсатына қарай тиімді пайдалана білу қажет. Коммуникативті актінің көлемінде тіл әлеуметтік және мәдени дамудың жемісі, демек, тіл мәдениет пен әлеуметтік құбылыстардан тыс өмір сүрмейді.

Қорыта келгенде басқа тілді қоғамда, мәдениетте өз орнын таба білу үшін сол елдің тілін ғана меңгеру аз, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін де меңгеру керек. Тілді басқа мәдениетті таңдаудың негізгі құралы ретінде пайдалану, сол тілде сойлейтін елдегі құбылыстардың мәнін түсінуді қажет етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Привалова. И.В. Разнообразие подходов в развитие теоретических основ межкультурного общения, Вестник МГУ. Серия №19. Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2004.-№3. -14б.
2. Телия В.Н. Культурно-национальная специфика культурологического состава языка. Русская фразеология.-М.:1996.-145б.
3. Воробьев В.В. Лингвокультурология: теория и методы. – М., 1997. – 118б.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание: Пер. с англ. - М.: Рус. словари, 1996. – 147б.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология, учебное пособие, 2001.-123б.
6. Вундт В . Введение в психологию (Einführung in die Psychologie). -М.: Ком Книга, 2007. — 138 б.
7. Потебня А.А. Мысль и язык –Типография Адольфа Дарре, 1892.-48б.
8. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы - Алматы, 2011. - 51б.
9. Moskalskaja O. Grammatik der deutschen Gegenwartssprache.-Moskau, 1983.
10. Schmidt W. Grundfragen der deutschen Grammatik.-Berlin: Volk und Wissen VE Verlag. 1977.

### REFERENCES:

1. Privalova. I.V. Raznoobrazie podhodov v razvitie teoreticheskikh osnov mejkülturnogo obshenia, Vectnik MGU. Ceria №19. Lingvictika i mejkülturnaia kommunikasija, 2004.-№3. – 14 p.
2. Telia V.N. (1996) Kùlturno-nasionalnaia cpesifika kùlturologicheskogo soctava iazyka. Rucckaia frazeologia.-M.: – 145 p.
3. Vorobev V.V. (1997) Lingvokùlturologia: teoria i metody. – M.: – 118 p.
4. Vejbitskaia A. (1996) İazyk. Kùltura. Poznanie: Per. c angl. - M.: Ruc. Clovari. – 147 p.
5. Maslova V.A. (2001) Lingvokùlturologia, uchebnoe posobie. – 123 p.

6. Vundt V.(2007) Vvedenie v psihologiu (Einführung in die Psychologie). -M.:Kom Kniga– 38 p.
7. Potebnä A.A. (1892) Mysl i iazyk –Tipografia Adölfa Darre. – 48 p.
8. Qūnanbaeva C.C. (2011) Qazırǵı şettildik bilim berudiñ teoriacy men praktikacy. Almaty. – 51 p.
9. Moskalskaja O. (1983) Grammatik der deutschen Gegenwartssprache.-Moskau.
10. Schmidt W.(1977) Grundfragen der deutschen Grammatik.-Berlin: Volk und Wissen VE Verlag.

## ЛИНГВОКУЛЬТУРА-ОТРАЖЕНИЕ ЛИНГВИСТИКИ И КУЛЬТУРОЛОГИИ

Уалиева С.А. \*, Бозаева Т.Г., Касенова А.М.

*Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, Талдыкорган*  
*e-mail: ualievass@list.ru, kassenova.alinur@mail.ru, togzhan.bozaeva@gmail.com*

*В статье рассматривается определение языковых единиц и средств, передающих менталитет формирования лингвокультурологии в обучении иностранному языку. Рассмотрение культуры в языке в более широком смысле позволяет глубже понять природу языка. Лингвокультурный фон является одним из основных средств, ведущих к вовлеченности, так как на основе формирования лингвокультурной компетенции выявляются культурные особенности речи и реализуются на основе новой категории в процессе общения. Вместе с тем, одна из актуальных проблем современного языкознания возникла на стыке дисциплин культурологии и лингвистики и посвящена изучению влияния, специфики народной культуры в языке. В настоящее время изучение проявления народной культуры в языке является важным вопросом в лингвистике. Большинство лингвистических исследований уделяют очень большое внимание языковому общению как форме человеческой деятельности в течение следующего десятилетия.*

*Формирование личности нового образца, обладающей высокой культурой, владеющей системой общих ценностей, способной жить в мультикультурном мире, со зрелыми знаниями, умениями и навыками, сформированными умениями и умениями, умеющей применять полученные знания в данный момент и эффективно функционировать, является основной целью современного субъекта межкультурной коммуникации. Вместе с тем, в настоящее время лингвокультурная компетенция для обучающихся имеет особое значение, так как совместное обучение иностранному языку и культуре народов, говорящих на этом языке, открывает множество новых возможностей. А для того, чтобы познать современную культуру, обучающиеся должны ознакомиться с лингвокультурными особенностями страны, изучающей язык иностранного языка, изучить его традиции и обычаи, научиться уважать их, быть готовыми находить общие интересы друг к другу и расширять знания о своей национальной культуре.*

**Ключевые слова:** *Лингвистика; лингвокультурный; лингвокультурная фон; аспект; компетенция; мировые ценности.*

## MERGING LINGUISTICS AND CULTURAL STUDIES

Ualjeva S.A. \*, Bozayeva T.G., Kassenova A.M.

*Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Kazakhstan, TalDYkorgan*  
*e-mail: ualievass@list.ru, kassenova.alinur@mail.ru, togzhan.bozaeva@gmail.com*

*The article considers the definition of linguistic units and means that convey the mentality of the formation of linguoculturology in teaching a foreign language. Considering culture in language in a broader sense allows for a deeper understanding of the nature of language. The*

*linguistic and cultural background is one of the main means leading to engagement, since on the basis of the formation of linguistic and cultural competence, cultural features of speech are identified and implemented on the basis of a new category in the process of communication. At the same time, one of the urgent problems of modern linguistics arose at the junction of the disciplines of cultural studies and linguistics and is devoted to the study of the influence and specificity of folk culture in language. Currently, the study of the manifestation of folk culture in language is an important issue in linguistics. Most linguistic research focuses very much on language communication as a form of human activity over the next decade.*

*The formation of a new type of personality, possessing high culture, possessing a system of common values, capable of living in a multicultural world, with mature knowledge, skills and abilities, formed skills and abilities, able to apply the acquired knowledge at the moment and function effectively, is the main goal of the modern subject of intercultural communication. At the same time, linguistic and cultural competence is of particular importance for students at present, since joint teaching of a foreign language and the culture of peoples speaking this language opens up many new opportunities. And in order to get to know modern culture, students should familiarize themselves with the linguistic and cultural characteristics of the country studying the language of a foreign language, study its traditions and customs, learn to respect them, be ready to find common interests for each other and expand knowledge about their national culture.*

**Keywords:** *Linguistics; linguocultural; linguocultural background; aspect; competence; world values.*